		- аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; - қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; - отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл

		киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
		- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру;

		- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге,

		кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу.

		Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық

		шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Е.Тиличеева «Ұшақ»; Е.Тиличеева «Күннің де достары бар"; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Б.Бейсенова «Жау, жау, жаңбыр»; Б.Бейсенова «Туған елім»; Б. Бейсенова «Көктем келді»; И. Нүсіпбаев «Дос болайық бәріміз». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық

		сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. М. Раухвергер «Әуе шарларымен би»; Е. Обухова «Қуыршақ»; Б.Сметана «Полька»; «Қолды көрсет» латыш халық полькасы; В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры». Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Бекітемін
«Balym-Ai» ЖШС
бөбекжай балабақшасының

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2025 - 2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету): мамыр, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене тәрбиесі	- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; - негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; - мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; - қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; - денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту; - құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: - аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; - қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені

		бүгіп, аяқты көтеру; - отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын

		қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту және көркем әдебиет	- балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Қазақ тілі	- шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға

		ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
		- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.
	Математика негіздері	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте

		орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	- балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
	Сурет салу	- бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.

	Мүсіндеу	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	- балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Құрастыру	- қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Музыка	- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Д. Кабалевский «Сайқымазақтар»; Г. Лобачев «Жаңбыр»; «Камажай» қазақ халық әні; Б.Бейсенова «Тәрбиеші».

		Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Ж. Тезекбаев «Жеңіс күнін тойлаймыз»; М. Арынбаев «Топ-топ балақан»; Б.Бейсенова «Жау, жау, жаңбыр»; Н.Әлімқұлов «Ойыншықтар». Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. М.Бекенов «Джигитовка» қазақ ұлттық әуені; И. Кишко «Шарлар»; Д. Кабалевскийдің «Труба мен барабан»; К.Қуатбаев «Көңілді би», А. Матлина «Сылдырмақтармен би»; Б.Бейсенова "Тұлпарым". Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды

		жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

Бекітемін:
«Balym-Ai»ЖШС
бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі
Г.Б Толендиева

ЦИКЛОГРАММА
“Балбөбек” орта тобы
Тәрбиеші: Байханова М.К

2025-2026

Бекітемін: _____
«Balym-Ai» ЖШС бөбекжай
Балабақшасының меңгерушісі
Г.Б.Толендиева



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым : ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы
Топ: ортаңғы топ «Балбөбек»
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 02.09 - 05.09.2025ж.
Педагогтің аты-жөні : Байханова М.К

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Білім – теңіз, түбі де, шегі де жоқ. Жүсіп Баласағұн					
Балаларды қабылдау		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу «Армысың шапағатты, Күн-Ана!»	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз.

		Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4 (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Армысың шапағатты, Күн-Ана! Армысың қайырымды, Аспан-Ана! Армысың мейірімді, Жер-Ана! Құт дарыт, бар әлемді жарылқа! (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)		1 қыркүйек - Білім күні «Балабақша - жайлы мекен» «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттері. Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. "Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. "Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды.	Қазақстан халқы тілдері күні "Тілім менің тірегім" атты тақырыбында әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. Музыкалық-дидактикалық ойын. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы». Міндеттер: Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, түсін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.

			мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Балаға өзі бала деп айтқызу. Атын, жасын айтқызу. Ойыншығын көрсеткізу, атату. Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.	Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	
Ертеңгілік жаттығу		Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып,	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып,	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып,	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).

		текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес	текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес	текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру, дербес әрекет)	3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес әрекет)

		әрекет)	әрекет)		
Таңғы ас		Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Гигиеналық дағдылар Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Балапан" (орындайтын Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii «Өнегелі»: Танысу және сенім. Тақырыбы: «Мен кіммін? Сен кімсің?» Мақсаты: балаларға ашылуға, жақынырақ танысуға, сенім атмосферасын құруға көмектесу.				
		«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-	"Кемпірқосақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып,	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша	"Тым-тырақай" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.

		әрекеті)	түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	салыстыруды, топтастыруды үйрету. Мазмұны: балалар "Сиқырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атап, түсін айтады. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)	Балалар шеңбер құрайды. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" - деп, санаңдар! "Бір, екі, үш! Ал, тараңдар!" Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам түрде шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Кестеге сәйкес ҰІӘ		Дене тәрбиесі "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсат-міндеттері. Балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде	Дене тәрбиесі "Әдемі сап түзейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпқа түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; бір-біріне қарама-қарсы отырып допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты	Қазақ тілі "Балабақшаға саяхат". Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды және қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсінеді және қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

		домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету.	ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.	алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту.	
		Тіл дамытудан ойын-жаттығулар. "Ойыншықтармен танысу". Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуді үйрету. "Сандықтарды жинайық" зерттеу	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтарды жинайық" Мақсат-міндеттері. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Түрлі түсті доптар" Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуды үйрету; дөңгелектерді	Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Балабақша - біздің үйіміз". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір бағаң тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға,

		жаттығуы. Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. Үстел-үсті театры.	бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина". Мақсат-міндеттері. Текшелерді түстеріне қарай жинау.	түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. (сурет салу) Түрлі түсті доптардың түстерін қазақ тілінде атау. (қазақ тілі) Саусақ жаттығуы. "Түймеше". Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс материалдарының жинағынан балабақша құрау.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Біз ақылды баламыз, Мұқиятты боламыз: Апайлардың айтқанын Құлақ салып тыңдаймыз: Сапта біз итеріспейміз, Уақытша үндемейміз. Қызықты болса да заттарды Жерден алып көтермейміз. Жерге түскен заттар, тіпті Болу мүмкін қауіпті. Ұялмаймыз - Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау,			

	баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен		Аула құстарын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін, аулаға ұшып келетін құстар туралы түсініктерін қалыптастыру, Табиғатта, табиғат объектілерін бақылауды қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға ынталандыру. Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпиып Шиқ-шиқ етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған.	Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде пленка немесе көк шынының қолдану. Күнді өлі табиғат түріне жатқызу, күннің жерге жылу, жарық беруін әңгімелеу. "Күн" десек - қолдарды көтерейік, Шапалақ қағып, құшақтасып, күлейік. Аспан төрінде жарқыраған күнге Біз берейік "сәлем"	Аспанды бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға көк аспанның кеңдігін тамашалауды үйрету; бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін байқау; бұлттың қозғалысын бақылау; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау оңай, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтынын немесе ыдырап кететінін бақылау. Жұмбақ. (көркем әдебиет) Көзі жасты – жылауық,	Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Тақпақ. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады,

		- Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады? - Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға пайдасы бар ма? "Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына дейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бірқалыпты, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден жүруге, алға	әрқашанда, күнде. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру;	келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сын-сипатына қарай табиғат құбылысын шеше білуге машықтандыру (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр бұлттар ұшады, найзағай ойнайды). «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті	одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар). "Допты ұстап ал" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері.Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. Мақсат-міндеттері. Допты қағып

		қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Тегіс жолмен жүреміз, Қуанамыз, күлеміз. Шұңқырларды аттап келіп, Секіреміз, өтеміз. (Д. Ахметова) Өнегелі тәрбие. Еңбек тапсырмалары: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру; Қауіпсіздік. Табиғи материалдарды ауызға салмауды қадағалау. Балалардың еркін ойындары.	(вестибуляр) тепе-теңдік аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар "күн" дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал "жаңбыр" дегенде қолшатырдың айналасына жиналады. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Қауіпсіздік. Еңбек әрекеті: құрап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше	алу және лақтыру жаттығулары. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.

				ойын тақырыбын таңдауды үйрету.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Бозінген" - Сүгір (орындаған Жанғали Жүзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-shertken-kuyleri «Өнегелі»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат». Мақсаты: қоршаған заттарды күту, табиғатты аялау үлгілерін көрсету.				
	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Қаржылық сауаттылық». Ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Балаларға негізгі экономикалық ұғымдарының бірі, жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықшалармен таныстыру.	"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиеті, танымдық дағдылар)	"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар)
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Бөренемен жүреміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бөренемен жүру және допты лақтыру техникасын бекіту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау; балаларды ептілікке,	Дене тәрбиесі "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру;	Музыка "Жапырақтар сарғайды" Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка	Дене тәрбиесі "Допты домалатайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту;	Қазақ тілі "Не, қайда өседі?" Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру.

	шапшаңдыққа тәрбиелеу.	тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету.	әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту.	тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру.	"Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны.
	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Сан алуан жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	Тіл дамытудан ойын-жаттығулар. Қызыл сары, сап-сары.. атты т	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Аула сыпырушы". Мақсат-міндеттері. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Аула сыпырушының құралдарын тап". Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының құралдарын тауып, құралдың атауын атауды үй рету.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Саябаққа күз келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты". Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)	Вариатив /Әлеумет "Жеміс-көгөніс дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгөністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді пайдаланар алдында тазалық ережелерін сақтауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшеліктерін, теңге туралы ұғымдарын кеңейту. "Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттеір. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
Серуенге	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар,				

дайындық	дербес әрекет) BilimKids дамытушы мультфильмі Киюді үйрену https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4 Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен	Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. "Өнегелі тәрбие". Еңбек әрекеті: терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету; қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының	Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: торғаймен танысуды жалғастыру, аула құсына қызығушылықты арттыру; торғайдың дене мүшелері, қарапайым тіршілігі жайында ұғамдар қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға,	Күнді бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, күннің көзіне тура қарауға болматынын ескерту, зерттеуде пленка немесе көк шынының қолдану. "Көк ту" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. "Өнегелі тәрбие". Экология. Еңбек тапсырмалары: қолөнер	Жүк көлігін бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың жүк көлігі туралы түсініктерін қалыптастыру, оның қызметі мен сыртқы ерекшеліктерімен таныстыру; ересектердің еңбегіне қызығушылықты арттыру. «Түрлі түсті көліктер» ұимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдаршамның үш түсінің біріне берілген белгіге жылдам әрекет етуге үйрету, қозғалысты ережеге сай орындау дағдысын	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау.

	ұлттық ойыны. «Қарақұлақ». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдығын, шапшаңдығын, ептілігін дамыту.	еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру.	сабақтарына табиғи материалдарды, әдемі жапырақтарды, жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру, өздігінен орындауға ынталандыру. Қауіпсіздік. Табиғи материалдарды ауызға салмауды қадағалау. Балалардың еркін ойыны.	қалыптастыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Ақсүйек" қазақ халық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын жерге түскен, құрғақ жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; жапырақтарды қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. "Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілкке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла				

	Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. STEAM Art.	«Күн мен жаңбыр» азқимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету. Ойын шарты. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. «Жаңбыр жауды!» деген дауыс естілгенде балалар пана іздеп, кішкентай үйлерге	"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды.	"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттығады; сөздік қорын молаяды; ойлау қабілеті дамиды. «Дана қуыршақты тамақтандыру» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)	«Тамшылар мен жауын» музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға ұзақ және қысқа дыбыстарды, әуеннің ритмін ажыратуды үйрету. – Балалар, ойынның аты «Тамшылар мен жауын» деп аталады. Қазір екі топқа бөлінесіңдер. Музыкалық жетекші балаларға аудиожазбаларды тыңдатады. Жауын мен тамшылардың дыбысын бөлек тыңдатқызып, сол жауынның жылдамдығын

	«Геометриялық фигуралардан суретті жина» ойыны (математика негіздері, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) https://bilimkids.kz/steam/76?l=4 Міндеттер: балалардың шығармашылық қиялын, ойлауын, зейінін, жазықтыққа бағдарлануын дамыту. «Кімнің дауысы?» ойыны Мақсат-міндеттер. Достыққа,ұйымшыл болуға үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)	тығылады. «Күн шықты!» деген белгі естілгенде балалар алаңға қайта шығады, ойындарын жалғастырып ойнайды. "Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы. (мүсіндеу) Мақсат-міндеттері. Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Көтермек». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге.	"Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет) «Дана қуыршақ дүкенге барды» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөйлеуін белсендіру және дамыту, ойын идеясын ашу. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.	Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, сөйлеуін белсендіру, тамақтану әдебіне тәрбиелеу. STEAM Art. «Ертегі кейіпкеріне тән әуенді таңда» ойыны (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың музыкалық есту, әуендердің сипатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; ертегінің бір немесе басқа кейіпкерін өзіне тән әуенмен байланыстыруды үйрету. https://bilimkids.kz/steam/77?l=4	немесе тамшыны қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Тоқтаусыз жауын – ұзақ шапалақтау. Өткінші жауын – орташа ритмде шапалақтау. Тамшы – қысқа шапалақ. Балалар дыбыстың ритміне байланысты шапалақтайды. "Түстер туралы ертегі" оқып беру. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу.
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығу. Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай. Ек-ек-ек-ек,	Боямақтарды бояу. Жапырақты бояк. (сурет салу)	Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді.	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату. (Мүсіндеу)	Боямақтарды бояу. Жапырақты бояк. (сурет салу)

	Сіңірдік көп еңбек		Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. (тіл дамыту, көркем әдебиет)		
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шыршаны бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: Қзақстанда өсетін өсімдік, шырша туралы түсініктерін қалыптастыру; шыршаға таңдану сезімін ояту. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға	Күн райының жағдайын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту) Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан	Күнді бақылауды жалғастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Серуендеуге, күнге қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке қарай көкжиекке түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан	Аспанды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым	Қайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу. Қауіпсіздік.Табиғат объектілерін бақылауда қарапайым қауіпсіздік ережелері сақтауға ынталандыру. "Ақ қайың" С. Мәуленов Жапырағын күн сүйіп, Бұтағын жел тербеткен. Даласында (Волховтың) (өлке атауы), Дарқан өсіп ер жеткен. "Өзен көпірімен өтеміз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бөренеңің үстінен тіке және қасынан

	ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.	қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.	қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	немесе жолақ бойымен, тепетеңдікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту, физикалық қасиеттерді жетілдіру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін

	кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	ойын айтуға үйрету.	ойын айтуға үйрету.		есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу"

Әдіскер:  **Садыкова А.Т**

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым : ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы

Топ:ортаңғы топ «Балбөбек»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.10 - 10.10.2025ж..

Педагогтің аты-жөні **:** Байханова М.К

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Отан – біздің ең үлкен анамыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы. Мұхтар Шаханов					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда!	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктерін дамыту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Асханадағы көмекшілер». (қоршаған әлеммен таныстыру) Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Өсімдіктерді суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	«Өнегелі тәрбие». Қауіпсіздік. Еңбек тапсырмалары: «Аквариум балықтарын қоректендіру». Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға кеңістікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу.

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Қосбасар - Мүкей" (орындаған Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Отбасы және отбасы құндылықтары. Тақырыбы: «Менің				

	отбасым». Мақсаты: отбасы туралы әңгімелесу, отбасыда кім қандай міндет атқаратынын анықтау.				
	"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруды үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту. Барысы: балалар себеттен суреттерді кезекпен алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны". (тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ағаштарды діңдері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін, байқағыштығын, есте сақтауын, қиялын дамыту. Барысы: балалардың алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды.	"Күз" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту. Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі орман, құстар және тағы басқа) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды. Мысалы: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және тағы басқа.	"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдануды үйрету. Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйеңкі жапырағы", ... , ... Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды.	"Қай көгөністі байқамай қалдық?" дидактикалық ойыны. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту. Барысы: ересек бала қоянды көрсетіп, бүгінг оның туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қоянның алдына көгөніс сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Домалайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұрған	Дене тәрбиесі "Күз қандай?" Мақсат-міндеттері. Балаларда тұрған	Музыка "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы	Дене тәрбиесі "Айнала алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірінің	Қазақ тілі "Нан дастарханға қалай келеді?" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша

	заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Дене тәрбиесі "Ғажап күздің сыйлығы". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру.	заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету.	тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету.	артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау. "Орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту.	фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру.
	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Күз келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Күзгі қоректер". Мақсат-міндеттері. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу"	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Себеттегі жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен	Тіл дамыту және көркем әдебиет дамытудан ойын-жаттығулар. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың күз	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Сәбіз". Мақсат-міндеттері. Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге

	таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. "Күз кереметтерін тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне қатысты суреттер табу.	ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Күз кереметі". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. «Күз сыйлаған бұйымдар» қолөнер орталығын ұйымдастыру. Педагог балаларды алдын ала келісілген төрт топтың үстелдеріне	таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. "Дәмінен таны" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру.	сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білім аясын кеңейту. Дидактикалық ойын. "Жеміс-көгөніс". Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін пысықтау.	жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік". Жүрейік, жүрейік, (саусақтармен үстел бетінде аяқтармен адымдар жасап жүргенді көрсету) Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру) Күнге сәлем берейік, (алақандармен жоғарыда бұлғау) Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау)

		отырғызады. Әр үстелге әртүрлі табиғи материалдардан жасалған әртүрлі қолөнер бұйымдарын қояды. Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір". Мақсат-міндеттері. Жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру.			
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен	Табиғаттағы күзгі маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарын, ауа-райының жағдайын	«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Таныс мамандық иелерінің бірі, аула сыпырушыға құрметпен	Бақшадағы көгөністерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін	«Солып қалған гүлдерді бақылау» (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері (барқытгүл, космея) туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру; солған	Күзгі жаңбырды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктер қалыптастыруды жалғастыру; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Мүбәрәк Жаманбалинов "Жаңбыр"

	анықтауға (суық, жылы, ыстық), белгілеуге үйрету; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың назарын табиғаттағы көзге көрінетін өзгерістерге аудару: жапырқтар сарғайып, гүлдер солып, шөп қурауда. Адамдар жеңіл киім кимейді, жел салқын. Қарашы күз келді, күз келді Жапырақ жауыпты іздерді. Құс біткен керуен тізеді, Қара бұлт қабағын түйеді. Мұқағали Мақатаев "Сап-сары жапырақтар". Сап-сары жапырақтар… Сал-сары жапырақтар… Саудырап құлап жатыр атырапқа. Біреудің жанарында,	қарау, оның еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды қолдау. Сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу. Аулашы шықса алаңға, Сырыпғыш түспейді қолынан. Қураған жапырақ, қоқысты Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (белгілі жерге қоқыс жинау). (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қимыл-қозғалыс	қолдау. "Бақша" ұғыммын бекіту, көгөністер туралы білімдерін бекіту (көгөністердің атаулары, олардың бөліктері), ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды үйрету (иісі, дәмі, сыртқы түрі мен жанасуы бойынша). Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім. - Балалар, сендер жақсы білесіңдер, көктемде табиғат жаңаша күйге енеді. Жаңадан шөп шығып, өсімдіктер өседі. Осы кезде бау-бақшаны баптап, көгөністер отырғызамыз. Көгөністердің бірнеше түрлері бар. Адамдар оларға жаз бойы су құйып, күтіп-баптайды. Әрбір көгөніс дәнегінен (тұқымынан) пайда болып өседі. Біздің күнделікті жеп жүрген көгөністер бау-бақшаның өнімі.	өсімдіктердің бөліктерін тануға ықпал ету; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту. Гүлдердіің солғаны күзгі маусымдық табиғат құбылыстарына байланысты екені байқауға көмектесу. Күз келді, аралап бақтарды, Жел ұшырып жапырақтарды, Гүлдер солып, бояуларын өшіріп, Сұр бұлттар жаулап алды аспанды. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Экология. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары. (еңбек дағдылары, қоршаған	Аспанда бұлт түйілді, Жерде ойнатты құйынды. Табиғат отпен қол қойып, Ақырып бұлтқа бұйырды: Жу егінді, бақшаны! Көшедегі бас шаңды Бұлт бұйрықтан аспады, Жаңбыр жауа бастады. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жерге түскен жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қауіпсіздік ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. «Тышқандар қамбада» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балалардың ойын ережелері бойынша ойнауға деген қызығушылығын және дағдыларын

	Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар жоғалуда. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Қойлар мен қойшы" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бірлікке, татулыққа, ептілікке тәрбиелеу; тәрбиешінің берген белгісіне көңіл аудара	ойындары. "Құстар мен жаңбыр". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың белгі бойынша ойнай білу қабілеттерін, жылдамдығын, ептілігін дамыту; ойын кезінде өзара әрекеттесу қабілеттерін дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан	Көгөністердің адам ағзасына пайдасы мол. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көгөністерді себетке жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау, еңбек нәтижесін құрметтеуге тәрбиелеу. "Бақшашылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың белгі бойынша ойнай білу қабілеттерін, жылдамдығын, ептілігін дамыту; көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік	әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Құрап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. Балалармен жеке жұмыс. Тақпақ жаттау. Арасында гүлдің, Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, жасыл, сары, Әп-әдемі бәрі. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, еңбек құрал-жабдықтарын орнына (қорапқа, қапқа) жинауға баулу; тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)	дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Батыл балалар" ойыны. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.

	білуді үйрету. Қойшы сайланып алады. Қалған балалар қойлар болады. Қойшының құралдарын береді. Қойлар алыста жайылып жүреді, қойшы алыстан бақылап тұрады. "Қойшы шықты ертемен, Қойларын бағып далаға. Қойлар маңырайды, Сонан соң жамырайды," - деген кезде қойлар жан-жаққа жамырайды. Ал қойшы оларды жинап, қораға әкеліп қамайды. Басқа қойшыны сайлайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. Өнегелі тәрбие.	лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. МақсатміндеттерІ. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.	қабілеттерін дамыту. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау; дербестікке, жауапкершілікке баулу. Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.	Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге, ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. «Қайда шылдырлайды?» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балаларды ептілікке үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	

	Экология. Еңбек тапсырмалары: қолөнер сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру, өздігінен орындауға ынталандыру. Қауіпсіздік. Табиғи материалдарды ауызға салмауды қадағалау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.			"Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті және уақытты бағдарлауды жақсарту.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дос бол сабын су мен сен, Жиі-жиі жуын сен.				

	Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз, түнде де. Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.				
Түскі ас	«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ыстық ас, тамақ - Бізге тоқ болмақ. Миымызға, денемізге Күш-қуат тараппақ. (Д. Ахметова) Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. "Әлди-әлди" әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Етікші» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалард	Вариатив	"Нені, қайдан алуға	"Ненің төлі жоқ?"	"Сыңарын тап"	"Кім тез жинайды?" дидактикалық

	дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Абай толғау" (орындаған Қаршыға Ахметдияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii «Өнегелі»: Тақырыбы: «Қоғамдық мүлікті сақта». Мақсаты: балабақша мүлкімен таныстыру, оны күтіп ұстаудың маңызын түсіндіру, үлгілерін көрсету, қолданудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.				
		"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. (танымдық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету; қазақ тілі дыбыстарын анық айтуға ынталандыру. Педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма,	Шаттық шеңбері. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!	"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу.

			пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа.		
Кестеге сәйкес ҰІӘ		Дене тәрбиесі "Жомарт қораз". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын үйрету.	Музыка "Күз желі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. «До – ре – ми» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.	Дене тәрбиесі "Қораз секілді қанат қағайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату.	Қазақ тілі "Жолға дайындал ..." Көліктер. Түстер әлемінде." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға жаттықтыру.
		«Қаржылық сауаттылық». "Алма" ертегісіні оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; «бір», «көп» ұғымдарын ажырату; дос болу, бөлісу,	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Дөңгелек жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын	Сурет салудан ойын-жаттығу "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету.	Құрастырудан ойын-жаттығулар "Қорап". Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату.

		сараң болмау туралы ұғымдарды түсіндіру.	қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Қораз ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттері. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. "Құстарды аулаға жинайық?" Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру.	"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Түйме алу" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, қарапайым ережелерді сақтауға үйрету; бір және көп ұғымддарын бекіту; қазақ тілінің дыбыстарын анық аутуға ынталандыру.	
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса -			

	Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен		«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күзгі маусымдық өзгерістермен таныстыру; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, әңгімелеу. Еңбек: саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету. Балалармен жеке жұмыс: тақпақ жаттату. (көркем әдебиет) Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар». Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Н. Әлімқұлов «Күз». Берекесін сыйлауға Өлкемізге күз келді.	«Қауіпсіздік». Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды. Қадыр Мырза Әли "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)	«Қауіпсіздік», «Экология». Аққайыңды бақылау (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күзгі маусымдық өзгерістермен таныстыру; тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қайың өте әдемі ағаш. Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. "Ақ қайың" С. Мәуленов Жапырағын күн сүйіп, Бұтағын жел тербеткен. Даласында (Волховтың) (өлке атауы), Дарқан өсіп ер жеткен. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның	Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-мәндеттері. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), күзгі маусымдық табиғат құбылыстарын бақылауға баулу; қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Ауа райын байқайық, Аспан, ағашқа қарайық. Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме, Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын!

		Жемістерін жинауға Шақырады біздерді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. (Д. Ахметова)	Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене тәрбиесі, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары	суретін салуды ұсыну. (сурет салу) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: алаңды ағаштардан құрап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру. "Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес (Көлік келе жатыр! Абай болыңдар!) әрекет етуге үйрету; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»	Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды жерде жатқан бір шеңберден екінші шеңберге секіріп өтуге машықтандыру; шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: үш-төрт шеңбер. Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін

		"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады). Мақсат-міндеттері. Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.	бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. "Тауық пен түлкі" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Белгі бойынша жылдам әрекет ету қабілеттерін жетілдіру,ептілікті дамыту. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндетттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндетттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. "Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету. Қауіпсіздік. Қауіпсіздікті қадағалау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын	ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

				қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдепті бала болайық, Қолды сабынмен жуайық. Жуып-жуып, алақай! Таза болдық, балақай!				
Түскі ас	«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар түскі астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Достық» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Құстар неге сөйлемейді» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыр	Керуеттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап-қунап алайық. Ұйқымызды ашайық				

у шаралары	"Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел соққанын көрсету) "Ф-ф-ф". "Желдің желпуі". Ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу. "Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібаспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. (математика негіздері) Мүсіндеу. "Қарбыздың бөлігі". Мақсат-міндеттер: Ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу; ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, мүсіндеуге үйрету. https://bilimkids.kz/kk/control/courses/list/909/ «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі)	"Мозаика" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. (танымдық дағдылар) "Санамақтар айтқызу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егеу, Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір қара жұмбақ. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. "Төртіншісі артық" танымдық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді тануға,	Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. «Қаржылық сауаттылық». "Көгөністер дүкені" сюжеттірөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; қалаған заттарды қаражатқа алмастыруға болатынын түсіндіру; көп, аз, тең туралы ұғымдарды бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау.

		Мақсат-міндеттер. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.	ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.	жіктеуге, байқампаздыққа дағдыландыру. "Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету.	
Балаларм		Жыл мезгілі туралы	Әңгіме құрастыру	"Ғажайып қапшық"	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.

ен жеке жұмыс		әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) "Жомарт Күз" (суретті қарастыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.	"Табиғат". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Суреттерді қарастыруда алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен		«Өнегелі тәрбие». Кішкентай балаларды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың жазда қалай киінетіндеріне назар аудару: жеңіл көйлектер, шолақ шалбар, бас киімдер – орамалдар, жеңіл қалпақтар (күннің көзі басты қыздырмас үшін), жазғы киімдер ашық түсті болуға тиіс екеніне көңіл аудару. Балалар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ізгілік және қамқорлық сезімін	«Қауіпсіздік». Аула құстарын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. Ж. Смақов «Торғай» Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. "Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән	Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру; өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету; қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып	Суды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз

		тәрбиелеу. Ермек Өтетілеуұлы "Іні". "Бір ісіме қапа ма?" - Деп қарайды апама Сипаттырып басынан Еркелейді атама. «Тышқандар қамбада» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балалардың ойын ережелері бойынша ойнауға деген қызығушылығын және дағдыларын дамыту, белгі бойынша жүгіру, секіру; белсенділігін, бұлшық еттерін, дене қимылдары қасиеттерін (ептілікті, жылдамдықты) дамыту; ойынды қызыға ойнауға баулу. Құрал-жабдықтар: маскалар, арқан. "Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды доппен ойындарға тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың	белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету. Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. (қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Балалар көлденең тұрған нысанаға асықтарды 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Әр	кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру;ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға)	көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. Тіпті балықтарды жіберсе, олар нақтылы көрінеді. "Күн түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір" ("күн шықты"), "тұр" ("түн түсті") белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. "Өзен көпірімен өтеміз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бөренеңің үстінен тіке және қасынан немесе жолақ бойымен, тепетеңдікті сақтап, жүре білу қабілетін дамыту, физикалық қасиеттерді жетілдіру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек

		ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда секіртіп себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: спорттық құралдарды жинауға арналған себет, балаларға доптар. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда	топтың ойыншылары асықтарды белгі бойынша қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды	жылдам шығып тұру тиіс. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа,	тапсырмалары: ойындардан кейін ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересекке еліктеп, қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға; ойыншықтарды құмнан қағып, қорапқа салуға ынталандыру; тиянақтылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.

		дербестігін, белсендігін дамыту; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.	ауызға салмау. Балалардың еркін ойындары. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойындарда дербестігін, белсендігін дамыту; жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру; ойын тақырыбын өздеріне таңдауды үйрету.	тазалыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Тапсырмаларды орындауда қауіпсіздік ережелерін қадағалау: ойыншықтарды, қолды ауызға салмау.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әдепті бала болайық, Қолды сабынмен жуайық. Жуып-жуып, алақай! Таза болдық, балақай!				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),		Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және	мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен	тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би	айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік

		заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.	қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.	сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.

Балалардың үйге қайтуы		Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

Әдіскер:  **Садыкова А.Т**

Бекітемін:
«Balym-Ai»ЖШС
бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі
Г.Б Толендиева

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым : ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы
Топ: ортаңғы топ «Балбөбек»
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **03.11 - 07.11.2025ж.**
Педагогтің аты-жөні **: Байханова М.К**

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Адамдар сені жақсы көруі үшін адамдарды сүй.					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру	Ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.	"Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	«Балабақша және отбасы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.	Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тарсырмалары: Үстелдердің жанына орындықтарды қою. (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (музыка) Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. Пантомима ойыны. "Көліктер". (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Асханадағы көмекшілер». (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін үйрету.	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Жүк көлігін құрастырамыз"	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тарсырмалары: Кітап бұрышын тазалау. (еңбек дағдылары, дербес іс-әрекеті, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету. "Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Заттарды қарастыруда өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.

	.	.	тәрбиелеу.	құрастыру.	Ересектердің сөзін тыңдау, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) (дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) (дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) (дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) (дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) (дене тәрбиесі, музыка, дербес әрекет)
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Угәй-ай" - Халық әні (Қажыбек Бекбосынов) https://kitap.kz/music/1/kazhybek-bekbosynovtyng-oryndauyndagy-nder «Өнегелі»: Тақырыбы: «Қоғамдық мүлікті сақта». Мақсаты: балабақша мүлкімен таныстыру, оны күтіп ұстаудың маңызын түсіндіру, үлгілерін көрсету, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. «Өнегелі»: Қауіпсіздік және тәртіп ережелері. Тақырыбы: «Қауіпсіздікте болу дегеніміз не?» Мақсаты: балалардың үйде және көшеде қауіпсіз жағдайда болу амалдарымен таныстыру.				
	"Гараж" құрастыру. Мақсат-міндеттері. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне	Суретке қарап, көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту).	"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Көлік пен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте	Көліктер суреттері бойынша әңгімелесу Мақсат-міндеттері. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру,

	байланысты "гараж" құрастырады.	түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.		еркін қозғалуды үйрету.	берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі Ғажап күздің сыйлығы". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету.	Дене тәрбиесі "Өрмелейік, қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.	Музыка "Көңілді машина". Мақсат-міндеттері. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адымдау жаттығуларын үйлесімді орындауды үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту.	Дене тәрбиесі "Машина зырылдап жүреді". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп, төрттағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету.	Қазақ тілі "Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?" Мақсат-міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрету.
	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары." Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің буындарының құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу "Қарбыз тиелген жүк машина" Мақсат-міндеттері. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Көліктердің дөңгелектерін жөндейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру.	Сурет салудан ойын-жаттығулар "Бағдаршам". Мақсат-міндеттері. Балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте, бағдаршам түстерін қалайтын үш түсті дөңгелектерді салуды үйрету.	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге

		жетілдіру.			үйрету. Дидактикалық ойын. "Трактордың бөлшектерін тап". Мақсат-міндеттері. Трактор бөлшектерін жинау.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы).				
Серуен	Көліктерді бақылау. Мақсат-міндеттері. Көліктер және олардың түрлері туралы білімдерін толықтыру, жүргізуші мамандығына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: құрғақ бұтақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»	Жүргіншілерді бақылау. Мақсат-міндеттері. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайдағы орындықтарды тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету	«Қауіпсіздік». Такси көлігін бақылау. Мақсат-міндеттері. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ағаштардан түскен құрғақ, ұсақ өсімдіктерді жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу,	Автобусты бақылау. Мақсат-міндеттері. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: ағаштардан түскен құрғақ, ұсақ өсімдіктерді жинау. Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»	Өрт сөндіру машинасын бақылау. Мақсат-міндеттері. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Көліктер мен олардың механизмдерінің рөлі туралы білімдерін кеңейту; қызығушылықты дамыту. Өт сөндірушілер – батыл адамдар. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: самалжайдағы орындықтарды тазалау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің

Балаларды қабылдау				Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру				Тәрбие шарттарын анықтау туралы ата-аналармен жеке әңгімелер.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".
Балалардың іс-				«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:	Ұлттық сезім күні

әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)				«Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. (танымдық дағдылар) "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту. Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)

				(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін, Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың.	Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау) (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар. - Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.) - Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.) - Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.) Диалог осы тәртіпте жүреді.
Ертеңгілік жаттығу				Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.				

	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Қуыршақ, қуыршақ, Таза суға жуынсақ. Қол ұстасып, дос болып, Бақ ішінде қыдырсақ. Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Құралдар: сабын. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Мешін" -Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Әдебиет және оқу. Тақырыбы: "Кітап оқу неге маңызды?" Мақсаты: балалардың ертегілерді кітаптан оқуларға, аудио жазбаларын тыңдауға, ересекпен қатынасқа қызығушылықтарын ояту.				
				Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету.	Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау

				Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.	тәжірибесін қалыптастыру. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Кестеге сәйкес ҰІӘ				Дене тәрбиесі "Өнерлі балалармыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда өз бетінше сапқа тұру, шеңбердегі өз орнын табу дағдыларын қалыптастыру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; балаларда алысқа лақтыру дағдыларын дамыту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.	Қазақ тілі "Адамдардың көктемгі еңбегі" Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып,тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу.

				Жапсырудан ойын-жаттығулар "Еркежан әжейдің әдемі орамалы". Мақсат-міндеттер. Балаларды шаршының (Еркежан әжейдің орамалы) ортасына, бұрыштарына қазақ ою-өрнектерін жапсыруға үйрету; сәндік жапсыру жөнінде ұғымдар қалыптастыру.	Сурет салудан ойын-жаттығулар "Бас орамал оюлары". Мақсат-міндеттер. Баланы шаршы пішінінің бұрыштарын, ортасын мақта таяқшасын қолданып, оюлармен безендіруге үйрету.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				
Серуен				«Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Таныс мамандық иелерінің бірі, аула сыпырушыға құрметпен қарау, оның еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды қолдау. Сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Аулашы шықса алаңға, Сырыпғыш түспейді қолынан. Құраған жапырақ, қоқысты	«Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Терек, терек,

				Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. "Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.Ептілікті, жылдамдықты дамыту.	Саған жылу керек. Күн жылуы бетіңе түссе, Жылтырайсың, Күн көзінде жарқылдайсың. Терек, терек, Саған су керек. Су тамырыңа жетсе, Ұзарасың, Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қыз қуу». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу;

				Қауіпсіздікті қадағалау. "Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы. (физическое воспитание) Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.	"жүгір", "ұста" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: ұзын арқаннан секіруді жақсарту. (дене тәрбиесі)
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас				

	ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Айтшы, әжем, Дайын ба көжең? Еті пісті ме? Сорпасы қою ма? Жармасы ұсақ па? Картопы жұмсақ па? Картопты жеймін, Сорпасын ішемін, Түгелін тауысамын, "Рақмет" айтамын. (Д. Ахметова) Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. «Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Күндізгі ұйқы				Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Аудио тыңдау. Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. «Достық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. "Ұйқыдан тұрғаннан кейін, төсекте жатып бірден жаттығу жасау; төсектерінен тұрып, көрпелерін кері лақтырмай жатып жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; 2-3 минут төсекте жатқан гимнастика балалардың ұйқыдан ояну күйіне біртіндеп ауысуына бағытталған. Оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру."				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-				Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары. (сурет салу) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің	Сюжетті-рөлді ойын. «Қоянға арналған шаш қию». (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен

рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)				(балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау. Сюжетті-рөлді ойын. «Дана қуыршағын тамақтандыру». (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балалардың ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, балалардың сөйлеуін белсендіру, тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу, қуыршаққа қамқорлық жасау. Материал және жабдық: Дана қуыршағы, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы. Ойын барысы: Ойын бұрышында өтеді. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетеді және айтады (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяз, қасық, шанышқы, шыныаяқ және т.б., үстелге қалай қойылғанын, түскі ас кезінде мінез-құлық ережелерін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыршақты түскі аспен тамақтандыруды ұсынады. "Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі) Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік	таныстыру) Мақсаты: балалардың ойын атрибуттарын өз бетінше таңдауға деген ұмтылысына ықпал ету. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Материал және жабдық: шаштараз ойнауға арналған құралдар, қоян ойыншығы. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан шеберді таңдап, оған қоянның шашын қиюға келгенін айтады. Әрі қарай, тәрбиеші ойынды бақылайды және оны басқарады. "Менің ойыншығым" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау. Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау. Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін ұсыну.

				бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту. Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады: - Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз. - Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз. - Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз. - Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.	Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру.
Балалармен жеке жұмыс				"Көркем әдебиет шығармаларын оқу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Жаңа ертегілерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау	Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңның енелері мен төлдері бар екі жұп суреттері араластырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңның енесі мен төлінің жұбын

					құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы аңды және төлін айтады.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).				
Серуен				«Қауіпсіздік». Құстарды кешкі уақытта бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақстанды мекендейтін қыстайтын құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру; дыбыстарын ажыратуға ынталандыру (торғай, сауысқан, көгершін, қарға). Тіршілігіне назар аудару. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау. Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкентай торғайлар Ағаштарды қорғайды. Ж. Смақов	«Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (аққайыңды) тану және атау, өсімдік бөліктерін (діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. "Айналайын, аққайың" (Д. Ахметова) Айналайын, аққайың, Еңкейесің жел соққан сайын, Аппақсың,

				"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен	Нәзіксің, Жіңішкесің, Биіксің. Аянбайсың, Қуаныш сыйлайсың Саған қолын созған адамға, Құс пен аңға. "Қоймадағы тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, ("Мяу!") белгі сөзге сәйкес әрекет етуге үйрету; қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ептілікті, жылдамдықты дамыту. Қауіпсіздікті қадағалау. "Кегльді қағып ал" қимылды жаттығуы. (физическое воспитание) Мақсат-міндеттер. 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір қақпаға домалатуға жаттықтыру. Дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың

				қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, тәрбиелеу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),				Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)

бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)				нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.	Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
Балалардың үйге қайтуы				Ата-аналарды сұраныстары бойынша әңгімелер, кеңестер.	Жаднама. "Біз балаларға ертегілер оқимыз".

Әдіскер : Садыкова А.Т

Бекітемін:_____
« Balym-Ai» ЖШС бөбекжай
Балабақшасының меңгерушісі
Г.Б Толендиева



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы
Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **30.03 - 03.04.2026 ж.**
Педагогтің аты-жөні : Байханова М.К

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
«Асықпай жүріп, анық бас, еңбегін кетпес далаға». Абай Құнанбаев					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Армысың, Әлем!	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Еркем-ай”	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (музыка)

	BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4 (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)	Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"-деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	https://bilimkids.kz/media/video/erkem-ai (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы	Халықаралық Балалар кітабы күні: «Шын жүректен кітап сыйла», Челлендж, «Үздік мобильді кітапхана» байқауы. «Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.	«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану;	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалау қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру,	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу.

және басқалары)	қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.	ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. "Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар.	түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Жаңа өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Оқылған шығармадан мәнерлі үзінділерді қайталау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу. Көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы	мақтау. (еңбек дағдылары) "Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Балалардан қайда болғанын сұрау. Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. "Құрастырғышпен ойын. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер.	Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. "Ұшты-ұшты" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты! (қол көтереді)

	Мозаикамен ойын. (математика негіздері, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ірі және ұсақ элементтерді жазықтықта орналастыруға ынталандыру. Суретті (құрылысты) үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Геометриялық пішіндерді ажырата білуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту. Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе	«Күнге не ұқсайды?» дамытушы жаттығуы. (математика негіздері) Мақсат-міндеттер. Суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендіру. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуды үйрету. Құрал-жабдықтар: заттық карточкалар. Ойын шарты. Балаларға бірнеше суреті бар мнемокарточкалар кезек-кезек көрсетіледі (барлығының түсі бірдей): шырша, қарбыз, алма, терезе, шатыр, доп, теледидар, өңтаңба (смайлик) бейнесі, текше, бауырсақ. – Балалар, көрсеткен суретім дөңгелек пішінді болып, күнге ұқсайтынын байқасаңдар, барлығың бірге қол шапалақтаңдар. Сурет күнге ұқсамаса, қолдарыңды тізеге қойып отырыңдар.	алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Пейзаж суретін көрсету. Тақпақты мимиканың және қолдарының қатысуымен оқуға болады. Туды көктем! Шулы көктем Кең даланы оятты. Күн қызуын құйды көктен, Сең бұзылды, су ақты. Ш. Мәмбетов "Суретті құрастыр" жаттығуы. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды жетілдіру.	Санамақ айту жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. Төртеу санның көркі екен. Төрт аяқпен жануар, Стол, төсек... тағы бар.. Төрт аяқпен нық тұрар, Төрт бірлікті ұқтырар. Бес дегеннің цифры, Қарап тұрсаң оп-оңай. Үштің басын қайырып, Қоя салған жай бұрап. Ә. Табылдиев

	ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық.				
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)	Жалпы дамыту жаттығулары (сылдармақтармен). (дене тәрбиесі, музыка)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Қанеки, жеңді түрейік, Қолды жуып, күлейік. Құрғақтап сүртіп қолды, Орамалды орнына ілейік. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. "Дана ботқаны жемейді". Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді. Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Ел жаңа" - Төлеген Момбеков (орындаған Біләл Ысқақов) https://kitap.kz/music/2/bil-l-ysqaqtyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: «Біреуді тыңдауды қалай үйренуге болады?» Мақсаты: балалардың оқылған шығарманы, тәрбиешінің айтқанын белсенді тыңдау қабілеттерін дамыту; ертегіне оқып беру, әңгімені айтып беру.				
	«Мақтау сөздер айту» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға үйрету. Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.	«Құпия заттар» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен тіл табысуды үйрету. Құрал-жабдықтар: бірнеше қобдиша, түйме, моншақ, сағат. Ойын шарты. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады. Оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін, барлық ойыншылар бөлмені аралап жүреді, олар қобдишадағы заттарға қызығушылық танытып, бір-бірінің құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады.	«Әдептілік» тақырыбына әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы, оларды орынды қолдануды үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Ойын шарты. Үтелдің үстінде бірнеше суреттер жатыр. Балалар сол суреттегі іс-әрекетті атап, оның «жақсы» немесе «жаман» екенін ажыратып айтады.	"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар.	«Менің достарым». «Досыңды тауып ал» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, достыққа тәрбиелеу, Ойын шарты. Педагог балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлап қояды, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады. Бұл балаларға көздері

	Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады. Бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жақсы қасиеттерін, қабілетін, жақсы істерін айтып мақтайды.	Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен жақсы тіл табысуына көмектеседі.			байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін қолмен ұстап көру арқылы тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдерін ауыстырады.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Аттап секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда жіптен бір жанымен аттап секіру және қиғаш тақтайдың үстімен төрт тағандап, тізе мен саусаққа сүйеніп жаттығулар жасау техникаларын бекіту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды	Дене тәрбиесі "Ғарыш деген ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту.	Музыка "Киелі домбыра". Мақсат-міндеттер. Музыканың сипатын түсінуге үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата, атай білуді жетілдіру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету. Бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау қабілетін дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды жетілдіру. Қазақ	Дене тәрбиесі "Ғажайып ғарыш". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: шапшаңдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді	Қазақ тілі «Ғарышкер деген кім?» Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы алғашқы білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстанның алғашқы ғарышкері - Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.

	бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу.		халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін (педагогтің көрсетуі бойынша) орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (оркестрде) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	сақтауға баулу.	
	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Төрт түлік". Мақсат-міндеттер. Балалардың төрт түлік малдың ерекше белгілерін қабылдау барысында қарапайым тәжірибе және зерттеу дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту. Төрт түлік мал туралы түсініктерін қалыптастыру.	Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығулары (мүсіндеу, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Өзіне ұнаған қазақ халқының әшекей бұйымдарының (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) бірін, (есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру) мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары. Балалардың өз қалаулары бойынша. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға ынталандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып,	Жапсыру техникасын жетілдіру жаттығулары (жапсыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы қазақ	"Ей! Бауырсақ, Бауырсақ!" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды сапта марш басу қимылдарына жаттықтыру, педагог көрсеткен қимылдарды жасап, сөздерді қайталап жүруге қызықтыру. - Балалар, біздің дөп-дөңгелек күнге не ұқсайды? - Бауырсақ ұқсайды. - Әжеміз пісірген Бауырсаққа ән айтып берейікші.

		Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.	құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру.	ұлттық бұйымдардың бірін (киіз, кілем, көрпе, алаша орамал) жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.	- Ей, Бауырсақ! (сұқ саусақпен бұлғау, адымдау) Ей, Бауырсақ! Міне, алысқа жолақ. Жалғыз болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда! Бір-екі! (адымдау) Бір-екі! Боласың бізбен епті. Сенгіш болып, қалдың ба? Тоқтамай жүр, адымда!
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				
Серуен	Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	Ағаштарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Туған	«Қауіпсіздік». Күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем

Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				
Серуен	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған	Қауіпсіздік. Жол қиылысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым (қауіпсіздік) ережелермен таныстыруды жалғастыру.	«Экологиялық тәрбие». Теректі бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (теректі) тану және атау, өсімдік бөліктерін	«Өнегелі тәрбие». Бағбанның еңбегін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты-міндеттер. Таныс мамандық иелеріне (бағбанға) құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуға үйрету. Өзгенің	Бұлттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге,

	әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. «Түрлі-түсті автомобильдер» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға, қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.	«Өнегелі тәрбие». Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Ересектің үлгісіне еріп, топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Торғайлар мен автомобиль" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. "Допты қағып ал"	(діндегін, бұтақтарын, бүршіктерін) тану. Терек, терек, Сағаң су керек. Су тамырыңа жетсе, Ұзарасың, Көлеңкеңді таратасың. (Д. Ахметова) «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт	еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Бақ қызығы керек пе, Кел, балақай, көмекке?! Толтыра бер себетке, Толтыра бер шелекке. Адамға тән шыдам-күш, Балаға тән ұнамды іс. Бағбан бала атансаң, Айтам саған мың алғыс. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: балаларды жерге түсіп қалған ұсақ, құрғақ өсімдік қоқыстарын қорапқа жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; заттарды жинауға баулу.	өз ойын айтуға үйрету. Балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Желдің соққанын байқайық, Желектерге бір қарайық: Жел бұталарды шайқайды, Жапырақтармен ойнайды. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды тазарту. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер.

	Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. "Допты жоғары лақтыр" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтыруды жетілдіру. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.	қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.	қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке,ептілікке тәрбиелеу.	Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу.	Мүмкіндіктеріне қарай аула сыпырушыға, тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Педагог лақтырған допты қағып алуға үйрету. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу.

Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. «Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Ашулы мысық; (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылды	Жапсыру техникасын жетілдіру жаттығулары (жапсыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер.	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны. (математика негіздері,	«Мейірімділік ағашы» (қоршаған әлеммен таныстыру) Ойынның мақсаты: «игі	"Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, математика

қ, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы қазақ ұлттық бұйымдардың бірін (киіз, кілем, көрпе, алаша орамал) жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. «Қайсы артық?» дамытушы жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға түстерді ажыратуды үйрету. Сөйлеу, ойлау, қиял, еске сақтауды дамыту. Құрал-жабдықтар: қызыл алма, жасыл қияр, қоңыр	Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту. Құралдар. Дорба, түрді заттар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптің түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару. Ойын үйде де, далада да ойнала береді..	қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге үйрету. Шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын	істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. "Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі) Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Өз дене мүшелеріне	негіздері) Мақсат-міндеттер. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру. Қимылды ойын. "Мысық пен тышқан". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. «Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды қуып жетіп, қолға түсіруге тырысады. Тышқан қолға түскеннен

	саңырауқұлақ, күлгін алхоры; қызыл сары түлкі, сұр қасқыр, сары балапан, жасыл бақа; күлгін баялды (баклажан), қызыл құлпынай, қоңыр картоп; сары банан (карточкалар). Ойын шарты. Балаларға бірнеше сурет қатарынан көрсетіліп отырады. Балалар кемпірқосақ жолақтарына жатпайтын артық түске боялған затты айтады. Педагог: – Балалар, мен бірнеше суретті көрсетемін. Сендер кемпірқосақта жоқ түске боялған суретті табасыңдар. Балаларға суреттер тізбегі көрсетіледі: қызыл алма, жасыл қияр, қоңыр саңырауқұлақ, күлгін алхоры; қызыл сары түлкі, сұр қасқыр, сары балапан, жасыл бақа; күлгін баялды (баклажан), қызыл құлпынай, қоңыр картоп; сары банан.	Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып журеді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді. Ол: Қараңғыда көзім жоқ, Тиіп кетсе сөзім жоқ. Қайда кеттің қалқа жан, Жетектейтін өзің жоқ. Қолға түскен құтылмас, Қала бермек көзім боп, — деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала трған ойнаушылар қашып жүреді.	арттыру. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу. Шарты. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы «қазық» етіп белгілейді. «Қазық» тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. «Қазыққа» таяп келіп: «Мынау кім?» – деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» – деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады.	қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту. Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады: - Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз. - Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз. - Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз. - Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз.	кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады. Мозаикамен ойын. (математика негіздері, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды ірі және ұсақ элементтерді жазықтықта орналастыруға ынталандыру. Суретті (құрылысты) үлгі бойынша құрастыруға үйрету. Геометриялық пішіндерді ажырата білуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

			(дене тәрбиесі)		
Балаларменжекежұмыс	Тыныс алу жаттығулары "Түлкіні тап" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады.	Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Лото" үстел үсті ойыны (қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына, қоршаған заттарға қызығушылықтарын қалыптастыру. Ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге ынталандыру. Байқампаздыққа тәрбиелеу.	"Лото" үстел үсті ойыны (қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына, қоршаған заттарға қызығушылықтарын қалыптастыру. Ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге ынталандыру. Байқампаздыққа тәрбиелеу.	Санамақ айту жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту. Төртеу санның көркі екен. Төрт аяқпен жануар, Стол, төсек... тағы бар.. Төрт аяқпен нық тұрар, Төрт бірлікті ұқтырар. Бес дегеннің цифры, Қарап тұрсаң оп-оңай. Үштің басын қайырып, Қоя салған жай бұрап. Ә. Табылдиев	Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық ауызынан) (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. "Бесік жыры". Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем. Жілік шағып берейін, Майын жесең, тоясың, Жылауыңды қоясың.
Серуенгедайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы,				

	ыстық). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).				
Серуен	«Қауіпсіздік». Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қазақстанды мекендейтін құстар, торғай, жайлы түсініктерін қалыптастыру. Торғайдың көктемдегі тіршілігіне назар аудару (шиық етеді, ұшады, секіреді, жем шоқиды). Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Қамқорлыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздікті қадағалау, объектіге жақындатпау. "Торғай" (ел аузынан) Торғай-торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтыйып, "Шіп-шіп" десіп отырар,	«Қауіпсіздік». Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды көшеде жүрген жүргіншілерді бақылауға бейімдеу. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Ересек адамдар мен балалардың арасындағы ұқсастықтар, айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік жасау. Ересектермен диалог құруға баулу, өз әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Қызыл, сары, жасыл Бір өзінде үш от. Қызыл жанса, тоқта! Жасыл жанса, тез өт! "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға	Шыршаны бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың 2-3 түрін (шыршаны) тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге мүмкіндік беру. Шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Өсімдіктерді бақылауда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Шыршаның көктемде де жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын ұстатып, жапырақтарға ұқсамайтынына және түсіп қалмайтынына назар аудару.	«Өнегелі тәрбие». Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Таныс мамандық иелерінің бірі, аула сыпырушыға құрметпен қарау, оның еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды қолдау. Сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілінің дамуына үлес қосу. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Аулашы шықса алаңға, Сырыпғыш түспейді қолынан. Қураған жапырақ, қоқысты Таба алмайсын оның жолынан Д. Ахметова "Кезкүйрық пен	«Қауіпсіздік». Ауладағы жалауларды қарастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықты арттыру. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Желдің далада бар болғанын жалаулардың желбірегеніне қарап білуге үйрету. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. Байқағыштыққа тәрбиелеу. Жел еседі, Жалауды желпілдетеді, Бұтақтарды шайқап, Жасырынып, тығылмақ ойнайды. (Д. Ахметова) Желдің аулада бар

	Торғай-торғай топтаған. Тоғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының «Бәйге» ұлттық қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, "жүгір", "тұр" белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. "Түзу жолмен жүреміз" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Негізгі қимылдарды жетілдіру: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету.	баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру. Қауіпсіздікті қадағалау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр) лақтыруды жетілдіру. Қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)	Жұмбақ Тікен, тікен тік пісте. Қысы жазы бір түсте. (Шырша) "Бұршақтар" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды қимылды ойындарда қарапайым ережелерді сақтауға, кеңістікті бағдарлауға баулу. Балалардың бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау. Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Допты жоғары лақтыр" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтыруды жетілдіру. Қимылдарды	балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, (15–20 см) биіктіктен секіруге, тепе-теңдікті сақтауға баулу; "ұста" белгісіне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүруді жетілдіру. Тепе-теңдікті сақтау, қимылдарды үлестіру. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған	болғанын жалаулардың желпілдегендеріне қарап табуға болатынын байқату. Балалардың ауа райының жағдайына байланысты желдің суық, жылы немесе ыстық болатыны жайында айту. Дәл қазіргі уақытта жел суық әлде жылы екендігін сезініп айтуды ұсыну. "Өз түсіңді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға (өз таңбалауышының түсіне сәйкес жалауды табу, жүгіру), "жүгір" белгісіне сәйкес әрекет етуге, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға баулу. Зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін қадағалау. Құрал-жабыдығы: белгілі түсті жалаулар, балалардың санына сай жалауларға сәйкес

	Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.	таңбалауыштар. "Допты жоғары лақтыр" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтыруды жетілдіру. Қимылдарды үйлестіруге, епті, шапшаң болуға баулу. Өздік ойындар. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Серуенге шығарылған ойыншықтармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ойыншықтар мен жабдықтарды контейнерге жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Мүмкіндіктеріне қарай тәрбиешіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Заттар, ойыншықтарға

					ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Ұйымдастыруда қауіпсіздікті сақтау ережелерін қадағалау.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі

	қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.	қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Музыкалық аспаптармен ойындар, ән салу, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. (музыка) Міндеттер. Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.
Балалардың үйге қайтуы	"Отбасылық салт-дәстүр" атты тақырыпта әңгімелесу.	Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу.	Балалардың қабілеті жайлы ата-аналармен әңгімелесу.	"Бала бөлмесіне арналған гүлдер" атты ата - аналарға арналған кеңес.	"Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.

Әдіскер:  Садыкова А.Т

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Balym-Ai» бөбекжай балабақшасы
Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):**27.04 - 30.04.2026 ж.**
Педагогтің аты-жөні : Байханова М.К

Апта күндері	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ. (Мақал)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Бала мен ата-ананың бірге шығарған ертегілерді айту челленджі.	Бала мен ата-ананың бірге шығарған ертегілерді айту челленджі.	"Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру.	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникатив	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ас ішуге дайындық». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Бөлме өсімдіктерін суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік». (қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде	

тік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	құрмет көрсету) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік	Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Менің ойыншығым" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі ойыншықтармен ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларға қандай ойыншықты ойынға алғанын сұрау.	Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. "Үй құрылысының ретін көрсет". (құрастыру) Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Барысы: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. "Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар. - Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)	тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Мақсат-міндеттері. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. «Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны. (математика негіздері) Мақсат-мігдеттері. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір	

	сезімін ояту. Иллюстрациялық суреттерді құрастыру: "Бәріне ортақ мереке". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. "Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.	Ойыншықпен не істеуге болатыны, ойыншық не істей алатынын сұрау. Ойыншықтың айтылған әрекетті қалай жасайтынын көрсететінін ұсыну. "Құрастырғышпен ойын. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.	- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.) - Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.) Диалог осы тәртіпте жүреді.	затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту. Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Қонақ қай елден?" ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-мігдеттері. Балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау; қуыршақты ұлттық киімге киіндіру; кім ұлттық киімді дұрыс және тез киіндірсе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығуы.	Жалпы дамытушы жаттығуы.	Жалпы дамытушы жаттығуы. (дене тәрбиесі, музыка)	Жалпы дамытушы жаттығуы.	

	(дене тәрбиесі, музыка)	(дене тәрбиесі, музыка)		(дене тәрбиесі, музыка)	
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Жуамыз қолды мөлдір сумен, Сабындаймыз көпіргіш сабынмен, Сүртеміз жұмсақ орамалмен. Қуаныштымыз сен және мен. (Д. Ахметова) Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Бейбіт" - Қазен Әбуғазы (орындаған Мұрат Абылғазин) https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler «Өнегелі»: Тақырыбы: "Неге адамды құрметтеу керек?" Мақсаты: қоршаған адамдарға құрметтеуге үйрету; өзгені, сөзін бөлмей, тыңдай білудің маңызын түсіндіру; ізгі ниет, құрметті білдіру жаттығуын ұйымдастыру.				
	«Көңіл-күйді анықтау» ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу .	Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару.	«Мақтау сөздер айту» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.	Иллюстрациялық суреттерді құрастыру: "Бәріне ортақ мереке". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін	

				балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	
Кестеге сәйкес ҰІӘ	Дене тәрбиесі "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер. Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.	Дене тәрбиесі "Соғамын барабанымды". Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту.	Музыка "Тал ағаш". Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуді, ажырата білуді бекіту. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді дамыту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруді, би қимылдарын орындау сапасын жақсарту.	Дене тәрбиесі "Барабан дабылы". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты дамыту. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.	
	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар "Өз орнымызды тауып	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Қазақтың туыстық атаулары".	Сурет салудан ойын-жаттығулар "Зәулім үй".	

	"Достық шеңбері ойындар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру.	алайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қағаз бетін бағдарлау іскерлігін жетілдіру; өз денесіне қатысты кеңістікті қабылдауға үйрету, сол жақ, оң жақ, алдында, артында тұрған баланы айту арқылы бағдарды ажыратуға үйрету; көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау қабілетін дамыту.	Мақсат-міндеттер. Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату.	Мақсат-міндеттер. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау.	
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таянуштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.				
Серуен	Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Ересектермен диалог құру, берілген	Аспанды, бұлтттарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат нысандарын	Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат нысандарын (кемпірқосақты) бақылауға үйрету. Ауа-райының жағдайын анықтау. Ересектермен	«Экологиялық тәрбие». Қайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері	

